

Д. Ескекбаев¹ , М.Қ. Егізбаева^{2*} 

¹ЖШС Жоғары көпсалалы «Зейнеп» колледжі, Алматы, Қазақстан

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

ТАРБАҒАТАЙ ӨҢІРІ: ОТАРЛАУ САЛДАРЫ ЖӘНЕ ТОПОНИМДІК ТАРИХЫ

Мақалада авторлар Шығыс Қазақстан облысы, Тарбағатай өңірінің өткен тарихына шолу жасай отырып, өлкенің патшалық Ресей тарапынан отарлануы тарихына және топонимикалық жер-су атауларының басқа тілге ауысып түбегейлі өзгерістерге түсу тарихын зерттеуге баса назар аударған. Мақаланың атап өтетін бір жаңалығы алғаш рет отарлаушылар тарапынан стратегиялық зор маңызы бар, әскери мақсаттағы бекініс ролін атқарған бекеттер желісінің салынуы және олардың атаулары дәйекті зерттелінген.

Мақаланы жазудағы басты мақсат – топонимдік жер-су атауларын сипаттай отырып, аталмыш өңірдегі ежелгі дәуірлерден келе жатқан жергілікті топонимдік атаулардың патшалық Ресей тарапынан отарлау кезеңінде тұтастай дерлік өзгерістерге түсуге қатысты мәселелді талдау. Сонымен қатар, славяндық атауларды иеленген жергілікті топонимдік атаулардың көне тарихын зерделеу, отарлау кезеңдеріндегі әкімшілік өзгерістер, қазақ жерлерін басқару ережелерінің пайда болуын саралау мақаланың негізгі бағыты болмақ.

Мақаланың зерттеу методологиясы тарих ғылымдарының негізі саналатын тарихилық, объективтілік принциптеріне негізделген.

Зерттеудің әдіснамалық негізіне сүйене отырып, қазақ даласында екі ғасырға жуық уақыт өткізген отаршылдық кезеңдердің әлеуметтік формаларының өзгеруіне қарамастан, отаршылдық әдістердің сабақтас екендігі туралы қорытынды жасалды.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан, Тарбағатай өңірі, өлке тарихына шолу, отарлану тарихы, бекеттер рөлі.

D.B. Eskekbayev¹, M.K. Egyzbaeva^{2*}

¹«Zeynep» Higher Multidisciplinary College, Almaty, Kazakhstan

²Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

The Tarbagatai region: the consequences of colonization and the toponymic history

In this article, the authors examine the history of the Tarbagatai region of the East Kazakhstan area, paying particular attention to the colonization of the territory by Tsarist Russia and the history of changes in the toponymic names of settlements, rivers, and lakes as they transitioned to another language. The novelty of the study lies in the fact that, for the first time, it explores the construction of strategically important military fortification lines by the colonizers and their naming.

The main goal of the article is to analyze the transformations that occurred with local toponymic names of the Tarbagatai region during the period of colonization by Tsarist Russia, describing geographical names (toponyms) and their characteristics rooted in ancient times. Furthermore, one of the key objectives of the study is to investigate the ancient history of local toponyms that acquired Slavic names, as well as to consider administrative reforms and the emergence of regulations for governing Kazakh lands during the colonial period.

The research methodology is based on the principles of historicism and objectivity, which constitute the foundation of historical science.

Based on this methodological framework, the authors conclude that despite changes in social forms over nearly two centuries of the colonial period in the Kazakh steppe, the methods of colonial policy remained continuous.

Keywords: East Kazakhstan, Tarbagatai region, review of the history of the region, history of colonization, role of posts.

Д.Б. Ескекбаев¹, М.К. Егизбаева^{2*}

¹Высший многопрофильный колледж «Зейнеп», Алматы, Казахстан

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

*e-mail: egyzbaevamk@gmail.com

Тарбагатайский регион: последствия колонизации и топонимическая история

В статье авторы рассматривают историю Тарбагатай Восточно-Казахстанской области, уделяя особое внимание колонизации края царской Россией и истории изменения топонимических названий населенных пунктов, рек и озер в связи с переходом на другой язык. Новизна статьи в том, что впервые исследуется строительство линий стратегически важных военных укреплений колонизаторами и их наименования.

Основная цель статьи – проанализировать изменения, происходившие с местными топонимическими названиями Тарбагатай в период колонизации со стороны царской России, описав при этом географические названия (топонимы) и их особенности, восходящие к древним эпохам. Кроме того, одной из основных задач статьи является исследование древней истории местных топонимов, получивших славянские названия, а также рассмотрение административных преобразований и появления правил управления казахскими землями в колонизационный период.

Методология исследования основана на принципах историзма и объективности, являющихся фундаментом исторической науки.

Опираясь на методологическую базу исследования, сделан вывод о том, что, несмотря на изменение социальных форм в течение почти двух веков колониального периода в Казахской степи, методы колониальной политики оставались преемственными.

Ключевые слова: Восточный Казахстан, Тарбагатайский регион, обзор истории края, история колонизации, роль постов.

Кіріспе

Бүгінгі күнге дейін біздің отарланған тарихымыз толық жазылып болған жоқ. Жазылған күнде де оны толық мойындап жатқандар өте аз. Басқа ұлт түгілі өз қандастарымыздан ішінен де табылары күмәнсіз. Бұл жүз жылға созылған кері саясаттың, теріс оқытудың салдары деп білеміз. Біздің айтарымыз мұндай солақай пікірлердің туындауына саяси сауатсыздықпен қоса тарихи білім таяздығы да жатыр.

Бүгінгі күндері қазақ елі дербес ел болып, өз тәуелсіздігін жариялағанына отыз жылдан аса уақыт белесі артта қалса да әлі күнге дейін ара тұра болса да Қазақстан территориясының тұтастығына, оның тарихи орнына күмәнмен қарап, күңкіл сөз айтатындар да аз емес. Бізге қырын қарайтындар арасында тарихшы ғалымдар да, саясаткерлер мен блогерлер де, тіпті дума депутаттары да бар. Мәселен, Н.И. Разгон өзінің тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін қорғаған диссертациялық жұмысында тәуелсіздік жылдары Ресей мен Қазақстан мемлекеттік шекараларының нақтыланып көрсетілгеніне күмәнмен қарап, тақырыптың өзектілігі деген бөлімінде: «1925 жылы белгіленген Қазақстанмен қазіргі шекара жеке шартпен расталмады, ал 1992 жылғы 25 мамырдағы Ресей Федерациясы мен Қазақстан

Республикасы арасындағы достық, ынтымақтас-тық және өзара көмек туралы шарт және басқа да екіжақты және көпжақты уағдаластықтар, заңнамалық актілер мен нормативтік актілер 1920 жылдардың бірінші жартысында қабылданған құжаттар негізінде оның қазіргі түрінде қалыптасқан шекараның бұзылмау қағидатын ғана бекітті», – деп жазады (Разгон, 2003: 3). Зерттеуші Разгон аталынған диссертациялық еңбегінде П.П. Семенов-Тяньшанский мен И.В. Ерофееваның (Семенов-Тяньшанский, Ерофеева, 2001: 301-365) және В.А. Моисеевтің (Моисеев, 2001) өлке тарихын жете зерттемей үстірт қана қорытынды жасаған «зерттеулеріне» сүйеніп, бұл жерлер көне дәуірлер мен орта ғасырларда алтайлықтардың (уранхайлар), одан кейін ғана моңғолдар мен ойраттардың жері болған, ал орыстар XVIII ғасырдың басынан бастап оларды ығыстырып қоныстанғанда бұл өлкеде бірде-бір қазақ қоныстары болған жоқ деп тұжырым жасайды. Бұлар аздай-ақ автор аталынған еңбегінде өлкенің ежелгі дәуірлердегі тарихына шолу жасаған Қазақстандық авторлардың еңбектерін де жоққа шығарып, олар туралы да өз көзқарастарын білдіріп отырған. Осыған орай, Г. Мендікулова (Мендікулова, 1995: 70), К.Нүрпейісов (Нүрпейісов, 1996: 68-75) және М.К. Қозыбаев пен И.М.Қозыбаевтардың (Қозыбаев, Қозыбаев, 1997) еңбектері туралы «оның «шынайы»

тәуелсіздігі жарияланғаннан кейін авторлар патшалықтың отаршылдық саясаты қазақ халқын ұлттық мемлекеттілігінен айырғаны туралы айтады» деп өзінше қорытынды жасай келе одан әрі қарай 1996 жылы Қазақ хандығының 500 жылдығына орай Алматыда ұйымдастырылған халықаралық конференция баяндамашыларын да сынға алған: «Конференциядағы баяндамашылардың көбінің пікірі бойынша, қазақ мемлекеттілігінің даму үдерісі патшалық Ресейдің Қазақстанды колонияға айналдыруымен тоқтады» деп «зерттеуші» Разгон қазақстандық авторларды кінәлайды және одан әрі ойын былайша жалғастырады: «В.А. Моисеевпен келісемін, ол өзінің конференция материалдарына берген көзқарасында Қазақстандағы мемлекеттіліктің (1920 ж. автономиялық республика және 1936 ж. одақтық республика) жасанды негізде құрылғанын, ол ішкі өздігінен дамудың нәтижесі емес екенін атады», – деп ашық түрде шовинистік пікір тұрғысынан ерсі баға берген (Разгон, 2003: 5).

Қазақстанның шекаралық аймақтарына байланысты осындай шовинистік пікірлер Ресейліктер жағынан арасында бой көрсетіп тұратыны белгілі және олардың бәрін бірдей жазу біздің мақаламыздың мақсаты емес, сондықтан тек кейбіреулеріне ғана тоқталып өтейік. 2020 жылы Ресей мемлекеттік думасының депутаты В. Никонов: «Қазақстан аумағы Ресейдің берген сыйы» деп мәлімдеді. Бұл күндері өмірден озған Э. Лиманов еліміздің солтүстік және шығыс өңірлерін Ресейге қосуды арман етіп кетті. Тарих ғылымдарының кандидаты Н. Соболин «Россия шегі» атты мақаласында (Соболин, 1990: 2) Өскемен үйезін, қазіргі қазақстандық Ертіс бойының басқа үйездері сияқты, жай ғана Ресейдің емес, Ресей империясының Далалық өлкесінің Семей облысына кіргенін дәлелдегендерді «кейбір жалған тарихшылар» деп бағалайды.

Біраз жыл Қазақстанда тұрған жазушы Н. Кузьмин «Соғыстан соғысқа дейін» деген повесінде Алтай аймағы атам заманнан орыс өлкесі болған, оны Кеңес өкіметі кезінде Қазақстанға бөліп берген деген сарында негізсіз пікір жазып, Алтай өлкесінің өткен тарихын білмейтінін көрсетеді (Кузьмин, 1989: 108-110). Міне, осындай тәуелсіз Қазақстан үшін негізсіз, сауатсыз пікірлер жеке зерттеулерді қажет ететін болар. Сондықтан да табиғаты тылсым, тарихы мол шежірелі Тарбағатай өңірі туралы бұл мақаланы жазуда біз алдымызға негізінен топонимдік жерсу атауларына баса назар аудара отырып зерттеу барысында алдымызға бірнеше мақсаттар қой-

ған едік. Онда алдымен қараланатын мәселе аталынған өңірдегі ежелгі дәуірлерден келе жатқан жергілікті топонимдік атаулардың патшалық Ресей тарапынан отарлау кезеңінде тұтастай дерлік өзгерістерге түсіп, славяндық атауларды иеленген жергілікті топонимдік атаулардың көне тарихын да ескере отырып, отарлау кезеңдеріндегі әкімшілік өзгерістер, қазақ жерлерін басқару ережелерінің пайда болуы және кеңес дәуірі құлағаннан бері басталып әр жылдары бір бас көтеріп қоятын сепаратистік пиғылдағы яғни, қазақ жерінің теріскей және шығыс өңірлерінің байырғы «орыс жерлері» екендігін «дәлелдемек» болып жүрген империялистік түсініктерге біршама ғылыми деректі дәлелдермен тойтарыс беру мақаланың негізгі бағыты болмақ.

Материалдар мен әдістер

Негізінен Тарбағатай, Зайсан өңірлерін ғылыми танымдық түрдегі зерттеулер XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап кең көлемде жүргізіле бастаған десек болады. Алтай, Тарбағатай, Гоби, Тибет, Тянь-Шань таулары, Моңғолия мен Орта Азияны зерттеушілер осы өңірдегі патшалық Ресей тарапынан әскери бекініс қамалдары ретінде салынған станицалар мен қалаларды тірек пункты етіп, экспедициялық зерттеулерін осы жерлерден бастаған. Атап айтқанда, Н.П. Пржевальский, Д.И. Добровский, В.И. Роборовский, П.К. Козлов, М.В. Певцов, В.А. Обручев, В. Сапожников, А.Н.Седельников, П.П. Сушкин, В.Э. Мартино, т.б. негізгі ғылыми зерттеулерін осы өңірлерден бастаған. Бұл тақырыпта отандық тарихшылардан М.К. Қозыбаев, Л.Е.Бекмаханова және т.б. ғалымдар құнды еңбектерін жазды.

Зерттеуге негізінен XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде патшалық Ресей әкімшілік басқару кеңселерінде қызмет атқарған статист қызметкерлердің есебі мен зерттеу еңбектері (Мәселен, Н.Я Коншин, В. Остафьев, Г.Е. Катанаев т.б.) және қазақ даласындағы болып жатқан реформалар нәтижелері туралы мәліметтер беріліп жыл сайын басылып шығып отырған «Памятная книжкалар» мен «Статистикалық мәліметтер» және басқа да дерек көздері кеңінен қолданылды.

Мақаланың зерттеу методологиясы тарих ғылымдарының негізі саналатын тарихилық, объективтілік принциптеріне негізделген. Ел президенті Қ. Тоқаев өзінің «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында осы мәселеге

арнайы тоқталып: Қазақстан тарихының жаңа ғылыми ұстанымдарға сай әзірленген көп томдық жинағын шығарудың стратегиялық өте маңызы бар, сондықтан Қазақстанның академиялық үлгідегі жаңа тарихын жазу қажет деп бастама көтерген болатын. Зерттеудің методологиялық негізінде қазақ даласында екі ғасырға жуық жүргізілген отарлау кезеңдерінің қоғамдық формациялардағы өзгерістерге қарамастан отарлау әдістерінің сабақтастығы туралы нақты дерек көздерін пайдалана отырып дәлелді қорытынды жасалады.

Еңбектің зерттеу әдістемесі тарих ғылымының негізі болып табылатын тарихилық, объективтілік ұстанымдарына негізделген. «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында ел президенті Қ.Тоқаев бұл мәселеге ерекше тоқталады. Ол «жаңа ғылыми принциптерге сәйкес әзірленген қазақ тарихының көп өлшемді жинағын басып шығару стратегиялық жағынан өте маңызды, сондықтан Қазақстанның жаңа тарихын жазу өзекті мәселе» – деп бастама көтерген еді. Зерттеудің әдіснамалық негізіне сүйене отырып, қазақ даласында екі ғасырға жуық уақыт өткізген отаршылдық кезеңдердің әлеуметтік формаларының өзгеруіне қарамастан, отаршылдық әдістерінің сабақтастығы туралы негізделген қорытынды жасалды.

Нәтижелерді талқылау

Тарбағатай өлкесі туралы қысқаша тарихи шолу

Бірегей табиғатымен және бай тарихымен «Барқытбел» деген атпен танымал Тарбағатай тауы ежелгі тарихтың дәлелі. Шығысында түркілердің алтын бесігі саналған Алтай тауларымен ұштасатын тау қойнауларын қаншалықты терең зерттей түссең соншалықты бай тарихи мағлұматтарға кез боласың. Шығыс Қазақстандағы археологиялық қазбалардан табылған тарихи ескерткіштерден біз Тарбағатай аймағының тарихи маңызын көреміз, бұл – аймақтың тарихи тамыры ертедегі сақ дәуірінен бастау алатындығының дәлелі.

Бұл өңірде біздің жыл санауымызға дейінгі бірнеше мыңжылдықта ерте көшпенділер мекендегеніне дәлел тау төскейлеріндегі тұнып жатқан обалар және «Үржар ханшайымы», «Алтын обалар» аталынып кеткен Шілікті, Елеке сазы аңғарларындағы қорғандардан осы дәуірдің көне мәдениет ескерткіштері табылғаны бүкіл әлемге әйгілі.

Ғасырлар тоғысында Шығыс Қазақстан облысы алғашқы протоқазақтар мемлекетінің негізін қалаған Еуразия Даласының ұлы ендіктеріндегі тайпалық бірлестіктер, халықтар мен хандықтардың тарихи тағдырында маңызды рөл атқарды.

Шығыс Қазақстан территориясында археологиялық мәліметтер бойынша қола дәуірлерінде андрон тарихи қауымдастығына жататын тайпалар мекендегені белгілі. Одан кейін ертедегі көшпелі тайпалар сақтар, ғұндардан бастау алған ежелгі түрік халықтары қарлұқтар, қыпшақтар т.б. тайпалардың тарихи мәдениетінің сабақтастығы жалғасады. IX-X ғасырларда атақты араб географы, саяхатшы Әл-Бідриси Қимақ қағанатының астанасы Ертістің орта ағысында орналасқанын және Ертістің бойында он алты қимақ қаласы болғанын атап өтті. Көшпелі түркі тайпалары әр маусымда Алтай мен Ертістегі жайылымдарды пайдаланған. Моңғол шапқыншылығына дейін түркітілдес наймандар мен керейлер Шығыс Алтайдан Тарбағатай таулары мен жазықтарына дейінгі Ертіс сағасында өмір сүрген. XIII-XVII ғасырларда аталмыш өңірлерде Ақорда хандығы, Моғолстан, көшпелі өзбек мемлекеті, Сібір Хандығы, қазақ және Жоңғар хандықтары билік етсе, оңтүстігінде Ақорда мемлекеті Алакөл өзенінің бойымен созылып жатты, ал Ертістен Алтайға дейін Моғолстан жері болды. Оған оңтүстік-шығыс Қазақстан мен Шығыс Түркістанның бір бөлігі қарады (Қозыбаев, 1992: 111).

1635 жылы Жоңғар хандығы құрылғаннан кейін, жоңғар билігі мен Сібір хандығы арасында жерлер мен жайылымдар үшін ұзаққа созылған өзара күрес жүрген еді. Шиеленіскен геосаяси жағдайларда ұлысқа айналып, ел қатарына қосылған қазақ тарихының осындай сәттерінен бастап, қазақ жері Орта Азия, жоңғар және Қытай хандықтарының үздіксіз басып кіруіне қарамастан, біртұтас этнос ретінде өзін де, өзінің аумақтық тұтастығын да сақтай алды (Қозыбаев, 1992: 112).

Бірақ қос жағасы құтты мекен болған Ертіс өзені тіршіліктің көзі, жергілікті халық мәдениетінің қайнары болған бұл киелі аймақ бұдан кейін де талай рет жаугершілік замандарды бастан өткергені тарихтан белгілі. XV ғ. басында Ертіс өзені алабының жоғарғы жағын ойраттар басып алғаннан кейін бұл жер Жоңғар хандығының құрамында болды. Дәл осы кезеңде қазақ-жоңғар шайқастарының көп бөлігі осы өңірде өткеніне жергілікті жер-су аттары дәлел. Мысалы, қазіргі

Тарбағатай тауының негізгі атауы «Барқытбел» болды, жоңғар шапқыншылығы кезінде суыры көп болған соң, моңғолдар «Суырлы», яғни «тарбаған» деген моңғол тілінің сөзінен пайда болған, яғни моңғолша «Тарвагатай» деп моңғолдар атап кеткен деген болжамдар бар.

1758 жылы қытай әскерлері Жоңғар хандығын талқандағаннан кейін қалмақтар Еділ өзені арқылы шегінді. Ал қалмақтардан ығысып, негізінде Сарыарқаны мекендеген қазақ рулары өздерінің ежелгі қоныстарына қайтып оралды. Бұл туралы топонимтанушы белгілі ғалым Бердібек Бияров: «Қазақтар Шығыс Қазақстанға 1755-1758 жылдардан бастап, яғни Жоңғария империясы құлағаннан кейін, қайта келіп, қоныстана бастады. Бұл жердегі өзінің ата мекенінен Шыңғысхан шапқыншылығы кезінде, жоңғармен арадағы соғыстарда айрылып қалған наймандар мен керейлер бес ғасыр өткен соң ғана Алтайға қайтып оралды. Осы бес ғасыр бойы олар қазақтың қалың ортасы – Ұлытау мен Сыр бойында, Сарыарқа жерінде қоян-қолтық араласып, өмір сүрді. Сондықтан тілдік ерекшелік болған күннің өзінде ол айырмашылықтар бес ғасыр ішінде жойылып кетті», – деп жазады (Бияров, 2008: 97).

Отарлық кезеңнің басталуы. XVIII ғ. бас кезінде патшалық Ресей қазақ жерлеріне тереңдей отарлау мақсатымен қазақтарды ата-баба жерінен ығыстыра отырып, қазіргі облыс аумағында Ертіс бекіністер желісін салды. «Киргизский край» кітабын құрастырған топтың жетекшісі болған, белгілі ғалым-географ А.Н. Седельниковтың деректеріне сүйенсек, Қазақстанмен шекаралас тұрған Алтайды отарлаудың біршама ерекше сипаты болғандығын байқаймыз. Бұрын бірнеше князьдіктерден тұратын Русь, 1547 жылы Иван Грозный өзін патшамын (царь) деп жариялаған соң, Ресей (Россия) деген атқа ие болып, ес жия бастаған болатын. Отарлаушылар тек қана казактар немесе мемлекеттік, әскери міндеттерді атқаратын адамдар ғана емес олардан басқа Иван Грозный патшалық құрған тұстан бастап қысымға ұшыраған, өз отанында тұрмыс тауқыметін әбден тартып басы ауған, көзі түскен жаққа қарай қашып, жанға жайлы жер іздеген босқын адамдар да көп болды. Әрине, олардың бос «жерлерге», өз ортасынан тысқары аймақтарға қарай тау қуыстарына, әр қилы жаулар мен қудалаушылардан тасаланатын жаққа қарай бет түзегендері де логикалық заңдылық екендігі түсінікті. Осылайша казак-орыс отарлауымен қатар Алтайдың тау аңғарла-

рында, шалғайдағы жетуі қиын тайгалық түпкүрлерде патша өкіметінен тығылып, қашып жүрген славян текті қашқындар да бір мезгілде келе бастады. Олардың қатарында кержактар (ескі ғұрыпты адамдар) мен Оралдың және Алтайдың зауыттары мен кеніштерінен қашқан жұмысшылар мен қолөнершілердің де болуы бұл қозғалыстың әлеуметтік жағынан өте ауқымды болғандығын көрсетеді.

Бірінші Петр таққа отырғанға дейінгі көптеген патшалықтардың бірі болған Ресей XVI ғасырдан бастап шекараларын кеңейтіп, ұлы державаға айналды және геосаяси тұрғыдан күшейе түсті.

Шығыс Қазақстан облыстық тарихи өлке-тану музейінің бөлім меңгерушісі Галина Афанасьевна Щербик: «Жоңғар шапқыншылығы жүз жылға созылып, қазақ халқын экономикалық тұрғыдан әлсіретті және оның тағдырында өшпес із қалдырғаны белгілі. Қазақ хандарының Бұхара мен Хивамен, тіпті башқұрттармен қарым-қатынасы шиеленісе түсті. Оңтүстік Сібір, Алтай маңында, Ертіс өңірінде орныққан орыс билігі де қазақ тайпалары мен Орта жүз руларына экономикалық және саяси жағынан қысым көрсете бастады. Қазақтардың мал мен жайылымдардан айырылуы экономикалық дағдарысқа алып келді. Бағынышты аумақ көлемінің, сол аумақтағы адам санының азаюы хандардың билігін әлсіретіп, ел ішіндегі ішкі жанжалды күшейтті. Мұндай саяси қиындықтар мен экономикалық күйзеліс қазақтарды Ресейдің билігіне өтуге итермеледі. Шығыс Қазақстан қазақтарының одан арғы тарихы Ресейдің қазақ жерлерін отарлау кезеңімен тікелей байланысты болды. Солтүстік-шығыс шекарадағы шиеленісті жағдай қазақ хандары мен сұлтандарын Ұлы Петр үкіметімен келіссөздер жүргізуге мәжбүр етті. Ресей мемлекеті шекараларының ұлғаюы, оған Поволжье мен Сібір халықтарының қосылуы – Алтайға барлау экспедицияларының алғашында анда-санда, кейіннен үнемі келуіне жағдай жасады», – деп жазады (Асқаров, 2008: 84).

Осылайша, Алтайға келіп кеткен ғалымдар мен саяхатшылардың барлығы да қазақ үшін осындай ауыр кезеңде қазақ жерлерін жан-жақты картаға түсірумен болды. Көзі көрмеген жерлерді көргендерден сұрап, аяғы жетпеген жерлерді барғандардан сұрап, жер мен суға, тау мен тасқа ат қойып, болжаммен жазып-сызып кетісті. Әлгіндей саяхатшыларға деректерді негізінен каменщиктер мен казактар берді. Соның салдарынан бірі өтірік, бірі шын, біріне-бірі қай-

шы алуан түрлі карталар жасалып, баспа түрінде бастырылып, көбейтіліп таратылып жатты. Міне, осы кезеңнен бастап Еуропа мен Ресей зиялысының арасында «Клапроттың картасы», «Ледебурдың картасы», «Фон Остермайердің картасы», «Гумбольдтың картасы», «Позняковтың картасы», «Мальманның картасы», «Геблердің картасы» деген терминдер пайда болды (Асқаров, 2008: 91).

Ресейдегі крепостнойлық құқықтың өздігінен жойылуынан кейін қазақ жерлеріне босқындар толқыны басталғаны белгілі, алайда ғасырдың аяғына қарай бұл үдеріс жәй көшіп-қону емес, жаппай сипатқа ие болды. Семей уезінің Шар өзенінде, Өскемен ауданының Қалба тауларына жаппай қоныстанған шаруалардың стихиялық ағыны нәтижесінде олар Ресейдің өртүрлі аудандарынан жиналды. Мәселен, Өскемен уезінің Александров поселкесіне орыстар, украиндар және мордвалар қоныстанды, олар Ресейдің 15 губерниясындағы 26 үйезден және 32 селоларынан босып келген шаруалар болды (Коншин, 2007: 133).

Бұл мәселеге байланысты қиындықтарды болдырмау үшін, әсіресе 1891 жылғы құрғақшылықтың салдарынан билікке бағынбай, өз еркімен Сібір мен Қазақстан жерлеріне қоныс аударғандарды тәртіпке салу үшін Патша үкіметі шешім қабылдайды және 1895 жылы Н. Щербиннің басшылығымен арнайы құрылған экспедиция Ақмола мен Семей облыстарындағы барлық уездерді алты жыл бойы тексереді. Экспедиция нәтижесінде қазақ жеріндегі «бос жатқан жерлерді» анықтайды (Коншин, 2007: 134).

Алайда, экспедицияның анықтап, бөлген жерлері Ресейден шаруалардың көптеп келуіне байланысты жетіспегеннен кейін, XX ғасырдың басында қосымша жерлерді анықтау үшін тағы да экспедициялар ұйымдастырылды. Бұл туралы сол кезеңді арнайы зерттеген маманның деректері мынадай: «Жер мұқтажының қанағаттандырылмауы мен Үкіметтің үгіт-насихатының әсерінен дала облыстарына, оның ішінде Семей облысына қоныс аударушылардың қозғалысы 1906 жылдан бастап бұрын-соңды болмаған мөлшерде өсті. Щербина экспедициясы нормаларды белгілеу кезінде тек мал шаруашылығын қарастырды, ал екінші экспедиция егіншілік пен қосалқы кәсіптерді де ескерді, нәтижесінде нормалар едәуір төмендетілді, ал артық жер мөлшері көбейтіліп көрсетілді. Өмір сүру үшін Щербина экспедициясының нормалары бойынша қазақ шаруашылығында орта есеппен 187 десятина, ал

25% өсіммен – 234 десятина болуы керек еді, сонымен қатар, жекелеген округтердегі бұл орташа сандар 223-326 десятина аралығында болды. Жер нормаларын қайта тексеру кезінде Семей облысы үшін 44-280 десятина мөлшерінде анықталды», – деп көрсетіп сол дәуірдің дәл сипаттамасын береді (Коншин, 2007:137).

Енді Семей облысына қарасты үйездердегі жан басына шаққандағы жер бөлінісін мына кестеден байқауға болады:

Үйездер	Шаруаларға тиесілі жерлер	Қазақ орыстарға тиесілі жерлер	Қазақтарға тиесілі жерлер
Семей	18,8	82,8	46,6
Павлодар	24,4	49,7	43,1
Өскемен	13,7	27	30,2
Зайсан	24,6	23,3	47,2
Қарқаралы	57,3	73,0	96,9
Облас бойынша	20,4	45,8	57,8

XIX ғасырдың екінші жартысында шаруалардың Ресейден Қазақстанға жаппай қоныс аударуы қазақ халқының жайылым және көші-қон жерлерінің едәуір қысқаруына әкелді. Жоғарыдағы кестеге көңіл аударып, назар салатын болсақ бір қарағанда қазақтар мен казактардың үлесі крестьяндарға қарағанда анағұрлым көп сияқты болып көрінеді. Бірақ бұл бір қарағандағы алдамшы көрініс қана. Шындығында бәрі керісінше, себебі шаруаларға бөлінген үлестер ең құнарлы жерлер, одан кейігі шұрайлы жерлер казактарға бөлініп жергілікті қазақтарға олардан қалған жерлер ғана тиесілі болған (Коншин, 2007: 139).

Міне осылайша, XX ғасырдың бас кезіндегі статистика бойынша Өскемен үйезінде шұрайлы жерлердің үштен бірінен астамы орыс қоныстанушыларының және Сібір казак әскерлерінің қарауында болғандығын қосымша деректер де көрсетеді [Волости и населенные места, 1]. Ф.А.Щербинаның комиссиясы бөліп берген жерлер аздық еткен соң қазақ даласына тағы да қосымша В.Кузнецов, К.Пален, В.С.Скрыплев, П.А. Хворостанскийлер басқарған экспедициялар аттандырылып олардың алдарына мынадай міндеттер қойылған: «Азиялық Ресейге іздеу, тексеру және бос қазыналық жерлерді есепке алу үшін жүргіншілерді жіберу туралы шешім қабылданды». Нәтижесінде, 1893 жылдан 1905 жылға дейін, яғни 12 жылда қазақтардан 4 млн.

десятин жер бөлініп алынса, келесі 7 жылда (1906-1912 жылдар) 17 млн. десятин ең шұрайлы деген қазақ жерлері қазыналық жер есебіне кеткен. Ал қазан Төңкерісінен небәрі бес жыл бұрын мұндай мемлекеттік жерлердің көлемі 45 миллионға жетті. Тиісінше, Ресейдің ішкі аймақтарынан қазақ даласына қоныс аударғандың саны еселенген түрде өсіп, 1897-1916 жылдар аралығында бір жарым миллионға жетті (Бекмаханова, 1986: 178). Осы жерде көңіл аударатын бір мәселе Совет өкіметі патшалық Ресейдің мұрагері, себебі патша дәуірінде үлгермей немесе іске аспай қалған кейбір жоспарлар кеңестік дәуірде жүзеге асты деген түсініктің негізсіз емес екендігін де еске салмақпыз. Себебі қазақ жерлерін тартып алу совет дәуірінде де одан әрі жалғасты, тек енді басқаша (советтік) тәсілмен. Мәселен, «Коммунистік партия Қазақстандағы тың жерлерді игеру жолындағы күресте» атты ұжымдық еңбекте: «Ғасырлар бойы бос жатқан жерлерді жаппай игеру программасы СОКП Орталық Комитетінің пленумында коллективтік негізде қабылданды», – деп жазып біржақты солақай шешім қабылдаған (Коммунистік партия Қазақстандағы тың жерлерді игеру жолындағы күресте, 1969: 47-48). Егер де осы бағдарламаны қабылдауға мүдделі болған сол кездегі жоғары шенді партия мүшелері адамзат қоғамының даму тарихы мен қазақ тарихын, қазақ батырларының ғасырлар бойы осы ата мекенін қорғау жолында құрбан болғандарын және қазақ халқында ғасырлар бойы бітіспес бірақ дау бар болса ол тек жер дауы екендігін білген болса осындай қадамға барар ма еді деген сұрақтар еріксіз туындайды.

Қазақ жерлерін басқару ережелерінің пайда болуы. Ең алғаш рет орта жүз руларына қарасты қазақ жерлерін басқару ережелерінің пайда болуы және округтерге бөлінуі 1822 жылғы граф М.М. Сперанский бастамасымен «Сібір қырғыздары туралы Устав» бойынша жүргізілген реформалармен байланысты екендігі белгілі. 1819 жылы Уәли хан қайтыс болғаннан кейін орыс патшалығы хан сайлауын тоқтатып, 1822 жылы шыққан «Сібір қырғыздарының Жарлығына» сәйкес хандық жүйені жойды. Осы жарлықтан бір ай бұрын Сібір губернияларының басқармасы құрылып, Сібір Шығыс және Батыс болып екіге бөлінді. Батыс Сібірге Тобыл, Том, Омбы облыстары кірді. Орта жүз қазақтары Омбы облысына қарады және басқа қазақтардан айырмашылығы оларды «Жарғы» негізінде «Сібір Қырғыздарының облысы», яғни Сібір қыр-

ғыздары деп атай бастады. Омбы Облысы ішкі және сыртқы округтерге бөлінді. Қазақ жерлерінің рулары сыртқы округтерге бағынышты болды. Оругтерді сұлтандардың өздері үш жылдық мерзімге сайлаған аға сұлтандар басқарды. Аға сұлтандар патша қызметінде майор шеніне ие болды, ал он жылдық қызметінде аға сұлтандар дворян дәрежесіне көтерілді. Әр округ приказ және дуан деген екі құрылымнан тұрды. Округтік приказ жергілікті өзін-өзі басқару органдарына халықтың қоныстануы, ауылдар мен болыстардың орналасқан жерлері, сондай-ақ барлық транзиттік сауда керуендері туралы ақпарат беріп, округтік приказ облыстық басқармаға бағынды (Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін, 1982: 164).

1822-1844 жылдар аралығында осы әкімшілік реформаға байланысты 8 округ құрылды. 1833-1834 жылдары Аманқарағай (кейіннен Құсмұрын, одан кейін Атбасар аталған) және Үшбұлақ округтері ашылды, алайда XIX ғасырдың орта тұсында таратылды да, бұлардың болыстары Ақмола және Көкшетау округтеріне берілді. 1826 жылы Баянауыл округі ресми түрде құрылғанымен, іс жүзінде 1833 жылы ғана бекітілді. XIX ғасырдың қырқыншы жылдары Құсмұрын округінің орнына Атбасар құрылып, ал Аякөз округі кейіннен Сергиополь округі деп аталды (Қазақ ССР тарихы, 1982:163; Красовский, 1868: 56).

XIX ғасырдың 40-50 жылдары аралығында Көкпекті және Алатау округтері құрылды. Бұл округтер Орта жүзбен қоса Ұлы жүздің де едәуір бөлігін қамтыды (Кеппен, 1857: 121-122). Алайда кейінгі басқару ережелері бойынша округтік приказдар мен аға сұлтан лауазымдары да жойылып, енді бүкіл қазақ даласы мемлекет меншігі болып белгіленіп, әрбір болысқа көші-қон жолдары мен тұрақтары бекітіліп беріліп ендігі жерде осы жерлерді ғасырлар бойы мекендеп келген жергілікті қазақтар өз жерлерін өздері «қоғамдық пайдалану» мақсатында ғана иелік ету құқығына ие болып қалды. Орыс зерттеушілерінің өздері: «1865 жылғы Ереже бойынша мыналар айтылады: «қырғыз (қазақ) көшпелілері алып жатқан жерлер мемлекеттік деп танылып, қырғыздардың (қазақтардың) қоғамдық пайдалануына берілді», – деп жазады (Остафьев, 1895: 37).

Бұл туралы генерал-майор Г. Катанаев өз жазбасында: «1765 жылы императрица Екатерина 2-ші Жарлығы бойынша біздің шекара желілері бойындағы әскери әкімшіліктің ерекше бас-

қарылатын аудандары үшін генерал-лейтенант Шпрингер бекініс желілерінің ішіне қарай 40 верст және дала бағытында 10 верст анықтады (бұл кейінірек әйгілі «онверсттық» жер бөлігінің басталуы болды), – деп нақтылай түскен (Катанаев, 1904:13). Әкімшілік реформаларға байланысты 1868 жылы патша әкімшілігі «Далалық облыстарды басқару туралы уақытша ереже» жарияланып, бұл құжат бойынша қазақ даласы мемлекеттің жері деп белгіленіп, Ресей меншігіне айналды. Әрбір болысқа көші-қон жолдары мен тұрақтары бекітіліп берілді (Остафьев, 1895: 31). Осы ережеге байланысты қазақ жерлерін әкімшілік территорияларға бөлу ісі одан әрі жалғасып, патшалық билік қазақ даласының орта жүз рулар және ұлы жүз руларының да бір бөлігін қамтыған біраз жерлерін Семей және «Сібір қырғыздары» деген атаулармен екі облысқа бөліп тастап, олар өз ішінде округтерге бөлінді. Округтерге біріккен болыстарда 10-12 ауылдан, ауылдарда 50-ден 70-ке дейін шаңырақ болуы қажет болса, округте жалпы 15-20-ға дейін болыстықтар болатын болды. Алғашқы кезде болыстықтар рулық жақындыққа байланысы бөлінген болса, кейіннен 1875 жылғы өзгерістерге қарай қайрадан округтен үйездерге айналып, енді ру атымен емес территориялық жағынан бөліністерге түсті. XIX ғасырдың аяқ кезіндегі мәліметтер бойынша Семей облысының жер көлемі 442 245 кв.версть болып, әкімшілік жағынан бес уездерге: Семей – 64 786,9 кв.в., Павлодар – 103 788,2 кв.в., Қарқаралы 182 430,6 кв.в., Өскемен – 41 487,7 кв.в., Зайсан – 49 751,8 кв.в. үйездеріне бөлінген.

Сол кездегі деректер бойынша Семей үйезінде 18 қазақ болыстықтар болып, олар былайша (Назарда ұстайтын бір мәселе, ол болыстық атаулары мен бұдан кейінгі бекет атауларының арада екі ғасырға жуық уақыт өткендігіне және сол дәуірдегі орыс транскрипциясымен жазылғандығын ескере отырып кейбір жер атаулары өзінің тарихи атауларымен сәйкес келмеуі мүмкін екендігін де ескертеміз). Айғыржал, Аққұм, Аршалы, Белағаш, Бесқарағай, Бұғылы, Делбегетай, Қандығатай, Кентүбек, Қоқан, Қызылмола, Малыбай, Мұқыр, Сейтен, Семізтау (Семитавская), Шаған, Шыңғыс және Еңрекей болыстары болып аталынған екен. Ал Өскемен үйезі бойынша үйез құрамында барлығы 13 болыс ел болып, олар былайша: Айыртау, Алтай, Қалба, Құлжа, Күршім, Нарын, Себін (Себинская), Сұлусары, Тарғын, Ұлан, Үркер, Шар және Шыңғыстай болыстары болып аталынған екен. Зайсан үйезі

16 болыс ел болып, олар: Базар, Боғас, Қарабұға, Кендірлік, Көлжыр (Кольджирская), Құмкөл, Лаба, Майтерек, Маңырақ, Нарын, Көкпекті, Терісайрық, Қабарасу, Қара Ертіс, Шілікті және Шорғын (Чоргинская) болыстары деп аталған (Памятная книжка Семипалатинской обл, 1901: 48).

Бекеттер немесе әскери тірек бекіністері ролі мен маңызы. Бұл мақалада тағы бір қарастырылатын маңызды мәселе – бұған дейін ғылыми зерттеу нысаналарынан тысқары қалып келе жатқан, қазақ жерлерін отарлау барысында патша әскери күштері үшін тұрғызылған берік қамалдар арасын жалғап, тірек пункттері қызметін атқарып келген бекеттердің (пикеттер) әскери маңызы мен қызметі және олар туралы деректерді саралау. Өйткені дәл осы бекеттер қазақ даласын отарлау кезінде үлкен әскери маңызға ие болды. Себебі қазақ даласын отарлау кезінде дәл осы бекет бекіністердің әскери маңыздылығы зор болған.

Бұл бекеттер бір жағынан әскери отрядтар үшін дем алатын тірек пункттері қызметін атқарса, екінші жағынан пошта жолдарының қызметін де атқарған. Кейін уақыт өте келе олардың біразы өзінің тарихи маңызын жоғалтып жойылып кетсе, ал енді кейбіреулері керісінше стратегиялық жағынан қолайлы орында болғандықтан әскери қамалға, станицаға немесе қалаға айналып кеткендері де бар. Бекеттер әдетте күйдірілмеген саман кірпіштерден немесе ағаштан салынған бірнеше шағын үйлерден тұрды. Онда пошта қызметкері және басқа да қызметте жүрген адамдар болды. Бекеттер бір бірінен жер бедеріне және басқа да мақсаттарға байланысты 25-40 верст болатын қашықтықта орналасқан. Әрине, бекеттер арасында көбінесе жаз айларында бос тұратын, саман кірпіш немесе шым кесектерден салынған қазақтар қоныстанған қыстаулар да жиі кездесіп тұратын (Коншин, 2007: 22). Енді Семей облысы территориясы бойымен Семей қаласынан шығып сол кездегі Верный қаласына (қазіргі Алматы, ол кезде Жетісу облысына қараған. Сол кездегі өлшем бойынша ұзындығы 900,5 версть болған екен) дейінгі бекеттер желісін атап өтейік: (Семей үйезі бойынша, Семей қаласынан есептегенде): Ұлуғыз бекетіне дейін – 25, Арқалық бекетіне дейін – 22 версть, Ащыкөл бекетіне дейін – 27 версть, Жартас бекетіне дейін – 21,5 версть, Қызылмола бекетіне дейін – 26 версть, Арқат бекетіне дейін – 26,5 версть, Алжанадыр бекетіне дейін – 24 версть, Ұзынбұлақ бекетіне дейін – 24,5 версть, Еңрекей

бекетіне дейін – 26,5 версть қашықтықта болған екен.

Енді Жетісу облысының Жетісу үйезі бойынша да бекеттер атауы мен олардың ара қашықтығына байланысты мәліметтер келтіре кетейік (соңғы бекеттен арғы қарайғы қашықтық): Алтынхалат бекетіне дейін – 22,5 версть.; Сергиополь қаласына дейін – 26,5 версть.; Орта Аяғөз бекетіне дейін – 31,5 версть.; Талдықұдық бекетіне дейін – 29 версть.; Қызылқия бекетіне дейін; – 23,5; версть. Кіші Аяғөз бекетіне дейін – 29,5 версть.; Жүз Ағаш бекетіне дейін – 29,5 версть.; Үкінің (Укунын Качскаго деп жазылған) бекетіне дейін – 14,5 версть.; Арғанаты бекетіне дейін – 17,5 версть.; Ащыбұлақ бекетіне дейін – 28,5 версть.;

Семейден Өскемен үйезі, Өскемен қаласы арқылы Көкпекті қаласына дейінгі елді мекендер мен бекеттер: Үбі (деревня деп жазылған) бекетіне дейін – 18 вер., Барашевск (поселок деп жазылған) бекетіне дейін – 25 вер., Красноярск (поселок деп жазылған) бекетіне дейін – 20,5., Уваровкаго (поселок деп жазылған) бекетіне дейін – 21,5., Өскемен қаласына дейін – 24,5; Барлығы – 201 версть.

Одан әрі Көкпекті қаласына дейін тағы да бекеттер желісі: Урунхай бекетіне дейін – 29,5., Себинск бекетіне дейін – 23., Сынташ бекетіне дейін – 24., Ағынықатты бекетіне дейін – 25,5., Қаражал бекетіне дейін – 24,5 вер; Көкпекті қаласына дейін – 29 вер., Барлығы -159 версть. Көкпектіден Зайсан қаласына дейінгі елді мекендер мен бекеттер: Аралтөбе бекетіне дейін – 23,4 вер., Жусағаш бекетіне дейін – 19,4 вер., Чоганск бекетіне дейін – 21 вер., Базарки бекетіне дейін – 28,4 вер., Бурханки бекетіне дейін – 25 вер., Чорга бекетіне дейін – 15,5 вер., Нора (Еспе) бекетіне дейін – 17 вер., Тайжүзген бекетіне дейін – 23 вер., Сарыбұлақ бекетіне дейін 19 вер., Қарабұлақ бекетіне дейін 31 вер., Зайсан қаласы – 17 вер; Барлығы – 239,4 версть (Памятная книжка Семипалатинской обл, 1901: 24-25).

Жалпы назардан тыс қалып, ғылыми тұрғыдан зерттеу нысанына айналмай келе жатқан тақырыптардың бірі осы қазақ жерлерін отарлауда әскери тұрғыдан стратегиялық зор маңызға ие болған бекеттер тарихы. Баспа беттерінде сараңғана кездесетін сондай деректердің бірі жоғарыда аты аталған Ә.Асқаровтың тарихи зерттеуінен көрініс береді. Онда: «Мұрағат деректері Шыңғыстай бекетінің негізін 1873 жылы казактар қалағанын айтады. Бекет – Шыңғыстай мен

Өрел аралығында әкімшілік міндеттерді шешу үшін қажет болған. Бекет үйінде жаз айларында пошта тасушы тұрған. Бұл бекеттен басқа, Шыңғыстайдан бірнеше шақырым жерде казак шекаралық тағы бір бекеті болған. Ол жерде 30 казак пен шекараны күзететін бір офицер тұрған (Асқаров, 2008: 111).

Зерттеу нәтижесі

Міне, осылайша бірте-бірте құрсауға түскен ежелгі қазақ жерлері келімсек казак-орыстардың мекендеріне айналып Ертістің оң жағалауы мен оның салаларының бойындағы ең құнарлы жерлер бөтеннің меншігіне айнала бастады. Ертіс өзенінің екі бірдей жағынан он шақырымдық шұрайлы жерлер («Иртышская десятиверстная полоса») казактардан тартып алынып, казак-орыстардың пайдалануына берілді. Яғни, казактарға Ертіс өзеніне 10 км-ден жақын жерде қоныстануға тыйым салынды. Қазақтар ең құнарлы жерлерінен айырылып, туған елді мекендерінің атауларын жоғалтты, олардың орнын карта беттерінде сақталған орысша атаулар басты. Бүкіл Ертіс өзеніне құятын салалары мен жыра-сайлар, жылғалар орысша аталып кетті. Сібірден басталған Ертіс бойын қуалаған бекініс қамалдар, казактар мен шаруалар қоныстанған станицалар біртіндеп осы бекеттер желісі арқылы оңтүстікке және оңтүстік-батысқа қарай жылжи отырып қазақ даласының оңтүстік нүктесінде Верный бекінісі пайда болды. Ал батыста Орынбор өлкесінен басталған дәл осындай бекіністер желісі арқылы пайда болған құрсаулар тізбегі де осы қалада түйіскендігі тарихтан белгілі.

Өр Алтайдың жер су аттарын терең зерттеп жүрген ғалым Бердібек Бияров бұл туралы: «Орыс қоныс аударушылары шұрайлы жерлерді алып қана қоймай, ол аймақтағы жер-судың қазақша атауларын да біржолата жойып жіберді. Бұқтырманьың оң жағалауы, Ақсу бойы түгелге жуық орысша атала бастады. Алғашқы карталарға орысша атпен түскен көптеген жер-су өзінің бастапқы түркі немесе моңғол тілді атауларын мәңгіге жоғалтты. Моңғол тілді атаулар көбінесе калька түрінде келіп, түркілік мәнін сақтап тұрса, орыс атаулары мақсатты түрде мағынасына дейін алмастырылып Алексеевка, Николаевка деп аталды», – деп жазады (Бияров, 2008: 91).

Иә, бекеттер атауларынан көрініп тұрғандай келімсектер келмей жатып өздерімен бірге топонимдік атауларды да ала келген. Бұл туралы осы өңірдің тумасы Ә.Асқаров естелік хикаятында:

Жер-судың бәрінің екі атауы бар біреуі қазақша, біреуі орысша. Картада ресми орысшасы қабылданып кеткен. Сөйтіп ежелгі түркі елінің Қоңыржоңы – Листяга таулар сілемі, Қаумыш көлі – Черновское, Қаракөл – Язевая, Шаянбай көлі – Хариусовое, Ақсу өзені – Белая, Мұзтау – Белуха, Тасшоқы – Шебенюха, Камачиха, Кауриха, Середчиха, Сенчиха, Поскочиха деп тізіліп кете берген», – деп жазады (Асқаров, 2008: 91).

Осылайша, зерттеу барысында, Тарбағатай өңірінің жер-су атауларына Ресейдің отаршылдық саясаты тікелей әсер еткеніне көз жеткіздік. ХІХ ғасырдың екінші жартысынан бастап өңірдің географиялық атаулары жүйелі түрде өзгертіліп, славян және орыс атауларымен ауыстырылды. Бұл процесс картографиялық сипатта ғана емес, сонымен бірге саяси және мәдени мақсаттарды да көздеді. Тарихи деректер мен мұрағат материалдарын талдаудың барысында мынадай негізгі қорытындыларға қол жеткізілді:

1. Отарлық саясаттың өңірдегі жер-су аттарына әсері және топонимдік атаулардың қалыптасу кезеңдері анықталды. Мәселен, Ертіс бойында әскери бекіністердің салынуы қазақ халқын өздерінің дәстүрлі жайылым жерлерінен ығыстырып, пайда болған бекеттер мен станцияларға байланысты жаңа отарлық атаулар жүйесі қалыптасты (қазақша Қарабұлақ, Шыңғыстай, Қызылмола сияқты атаулардың орнына Алексеевка, Николаевка, Красноярск сияқты т.б. орысша атаулар енгізілді).

2. Тарбағатай өңіріндегі жер-су атауларының семантикалық мәнінен айырылғандығы анықталды. Себебі, қазақ халқының өздері өмір сүріп отырған қоршаған ортаға байланысты берілген атаулары табиғи-географиялық нысанның орналасуына, жер бедеріне және халықтың дүниетанымына негізделген болса, ал отаршылдық саясаттың салдарынан туындаған атаулар бұл мәндік құрылымды бұзып, өңір халқының дәстүрлі тарихи жадысын әлсіретті.

3. Топонимдік атаулардың өзгеріске ұшырауының демографиялық және әлеуметтік салдары анықталды. Өңір қазақтарының ең шұрайлы жайылым жерлері мемлекет меншігіне өтіп («қазыналық жер»), қоныс аударушыларға, яғни казактар мен орыс шаруаларына бөлініп берілді. Осы үдерістің нәтижесінде қазақ халқы этникалық және шаруашылық тұрғыдан ығыстырылды

және бұл жағдай өңірдегі топонимикалық көріністің өзгеруіне алып келді.

4. Бұдан кейінгі кеңес өкіметінің де топонимика мәселесінде отарлық саясатты жалғастырығаны белгілі болды. Кеңестік дәуірде жаңадан шаруашылық елді-мекендер пайда болып, бұрынғы тарихи атаулар ресми құжаттардан біржола жойылды.

5. Жер-су атаулары мәселесінің қазіргі кезеңдегі деколонизациялық үдерістермен байланысы айқындалды. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытта Тарбағатай өңірінің тарихи атауларын қайта жаңғырту және тарихи жақты қалпына келтіру жұмыстары қолға алынды. Шындығында, бұл мәселе халықтың ұлттық санасы мен тарихи әділеттілікті қалпына келтірудің өзекті бөлігі болып табылады.

Осылайша, зерттеу нәтижелері Тарбағатай өңірі жер-су атауларының қалыптасу кезеңдері – отарлау саясаты, кеңестік дәуір және егемендік алғаннан кейінгі қайта жаңғыру кезеңдерін бастан кешірген күрделі этномәдени үдеріс екенін дәлелдеді.

Қорытынды

Тәуелсіздік алғанымызға отыз жылдан аса уақыт өтсе де кеңестік дәуірден қалған империялық саясат салдарынан күні бүгінге дейін арыла алмай келеміз. Жаңа Қазақстан құрамыз десек қоғамдық санадағы (деколонизация) процесін де жеделдету керек. Дүниедегі ең қиын нәрсенің бірі адамның санасын өзгерту екенін ескерсек, ұлттық сананы жаңғыртуға қоғам болып күш салуымыз керектігі байқалады. Осы тұрғыда алғанда кезек күттірмейтін, жедел қолға алатын мәселелердің бірі кеңес дәуірінде бұра тартып, кері түсіндірген тарихымызды түзеу, негізсіз өзгерістерге ұшыраған жер атауларының тарихи атауларын келешек ұрпақ санасына сіңіру болып табылады. Жалпы елді-мекен, жер-су атауларының шығу тегін, топонимикалық тарихын, уақыт кезеңдеріндегі өзгерістерге түсуін ғылыми тұрғыдан зерттеудің елдің келешегі үшін де тарихы үшін де маңызы зор болмақ.

Мақала «АР23490262 «Тарбағатай өңірінің қазақтары: тарихи этнографиялық зерттеу (ХІХ-ХХІ ғ. басы) атты гранттық қаржыландыру жобасы аясында дайындалды.

Әдебиеттер

- Асқаров Ә. (2008). Тарихи-танымдық хикаят. Алтын тамыр, әдеби-мәдени, қоғамдық журнал, №1, 223 б.
- Бекмаханова Н.Е. (1986). Көп ұлтты Қазақстан мен Қырғызия халықтары капитализм дәуірінде. Мәскеу: Ғылым, 221 б.
- Бияров Б. (2008). Алтын тамыр. Алтын тамыр, әдеби-мәдени, қоғамдық журнал, №1, 225 б.
- Волости и населенные места 1893 г. Семипалатинская область. (1895). СПб.: издание Центрального статистического комитета Министерства внутренних дел, вып. 5, 49 с.
- Горбунов А.П. (2011). Природа Казахстана: история познания. Алматы: Институт географии, 123 с.
- Мендикулова Г.М. Казахская ирредента в России (история и современность) // Евразийское сообщество: экономика, политика, безопасность. – 1995. – № 8. – С. 70-80.
- Катанаев Г.Е. (1904). Киргизский вопрос в Сибирском казачьем войске. Омск: Типография окружного штаба, 217 с.
- Кеппен П.И. (1857). Девятая ревизия: исследование о числе жителей в России в 1851 г. СПб.: Типография Императорской Академии наук, 298 с.
- Коммунистік партия Қазақстандағы тың жерлерді игеру жолындағы күресте. (1969). Алма-Ата: Қазақстан, 252 б.
- Коншин Н.Я. (2007). Қазақтың этнографиясына байланысты еңбектері. 2-бас., толықт. Астана: Алтын кітап, т. 7, 310 б.
- Красовский М. (1868). Область Сибирских киргизов. Т. 1. СПб.: типография Траншеля, Ретгера и Шнейдера, 258 с.
- Кузьмин Н. (1989). Соғыстан соғысқа дейін. Молодая гвардия, №7, 45 б.
- Қазақ ССР тарихы: көне заманнан бүгінге дейін. (1982). 5 томдық. Т. III. Алматы: Ғылым, 558 б.
- Қозыбаев М. (1992). Ақтаңдақтар ақиқаты: оқу құралы. Алматы: Қазақ университеті, 272 б.
- Қозыбаев М.К., Қозыбаев И.М. (1997). История Казахстана. Алматы: Атамұра, 208 с.
- Моисеев В.А. (2001). Россия–Казахстан: современные мифы и реальность. Барнаул: [б.и.], 215 с.
- Остафьев В. (1895). Колонизация степных областей в связи с вопросом о кочевом хозяйстве. Омск: Типография окружного штаба, 61 с.
- Нұрпейісов К. (1996). XX ғасырда Қазақстанның аумақтық тұтастығын қалпына келтіру. Қазақстан және әлемдік қауымдастық, №4, 68–75 бб.
- Памятная книжка Семипалатинской области: статистические сведения (обзор за 1899 год). (1901). Семипалатинск: Типография Семипалатинского Областного Правления, 48 с.
- Разгон В.Н. (2003). Образование Алтайской губернии и ее разграничение с Казахстаном (1917–1925 гг.): автореф. дис. ... канд. ист. наук. Барнаул, 32 с.
- Семенов-Тянь-Шанский П.П., Ерофеева И.В. (2001). Славянское население Восточного Казахстана в XVIII–XX вв.: миграция и социокультурная эволюция. В кн.: Этнический национализм и государственное строительство. Мәскеу, 301–365 бб.
- Соболин Н. (1990). Пределы России. Импульс, №6, 2–3 с.

References

- Asqarov, Ä. (2008). Tarihi-tanymdyq hikaiat. Altyn Tamyр, ädebi-mädeni, qoғamdyq jurnal, (1), 223. (in Kazakh)
- Bekmahanova, N.E. (1986). Köp ültty Qazaqstan men Qyrғyziya halyqtary kapitalizm дәuirinde. Moscow: Gylym, 221. (in Kazakh)
- Biarov, B. (2008). Altyn Tamyр. Altyn Tamyр, ädebi-mädeni, qoғamdyq jurnal, (1), 225. (in Kazakh)
- Volosti i naselelynye mesta 1893 g. Semipalatinskaya oblast. (1895). St. Petersburg: Publication of the Central Statistical Committee of the Ministry of Internal Affairs, Issue 5, 49. (in Russian)
- Gorbunov, A.P. (2011). Priroda Kazakhstana: istoriya poznaniya. Almaty: Institute of Geography, 123. (in Russian)
- Mendikulova, G.M. (1995). Kazakhskaya irredenta v Rossii (istoriya i sovremennost'). Evraziiskoe soobshchestvo: ekonomika, politika, bezopasnost', (8), 70-80. (in Russian)
- Katanaev, G.E. (1904). Kirgizskii vopros v Sibirskom kazachem voiske. Omsk: Tipografiya okruzhnogo shtaba, 217. (in Russian)
- Keppen, P.I. (1857). Devyataia reviziya: issledovanie o chisle zhitelei v Rossii v 1851 g. St. Petersburg: Tipografiya Imperatorskoi Akademii Nauk, 298. (in Russian)
- Kommunistik partiia Qazaqstandaғы тың jerlerdi игеру jolyndaғы күreste. (1969). Alma-Ata: Qazaqstan, 252. (in Kazakh)
- Konshin, N.Ya. (2007). Qazaqtyñ etnografiasyna bailanysty eñbekteri. 2nd ed. Astana: Altyn Kitap, Vol. 7, 310. (in Kazakh)
- Krasovskii, M. (1868). Oblast' Sibirskikh kirgizov. Vol. 1. St. Petersburg: Tipografiya Tramshelia, Retgera i Shneidera, 258. (in Russian)
- Kuzmin, N. (1989). Sogystan sogysqa dein. Molodaia gvardiia, (7), 45. (in Kazakh)
- Qazaq SSR tarihy: Köne zamannan büginge dein. (1982). Vol. III. Almaty: Gylym, 558. (in Kazakh)
- Qozybaev, M. (1992). Aqtañdaqtar aqiqaty. Almaty: Qazaq Universiteti, 272. (in Kazakh)
- Qozybaev, M.K., & Qozybaev, I.M. (1997). Istoriya Kazakhstana. Almaty: Atamura, 208. (in Russian)
- Moiseev, V.A. (2001). Rossiya–Kazakhstan: sovremennye mify i real'nost'. Barnaul: [s.n.], 215. (in Russian)
- Ostafyev, V. (1895). Kolonizatsiya stepnykh oblastei v svyazi s voprosom o kochevom khozyaistve. Omsk: Tipografiya okruzhnogo shtaba, 61. (in Russian)
- Nurpeisov, K. (1996). Vosstanovlenie territorial'noi tselostnosti Kazakhstana v XX veke. Kazakhstan i mirovye soobshchestvo, (4), 68-75. (in Russian)
- Pamyatnaya knizhka Semipalatinskoi oblasti: Statisticheskie svedeniya (obzor za 1899 god). (1901). Semipalatinsk: Tipografiya Semipalatinskogo Oblastnogo Pravleniia, 48. (in Russian)

Razgon, V.N. (2003). *Obrazovanie Altaiskoi gubernii i ee razgranichenie s Kazakhstanom (1917–1925 gg.)* (Author's Abstract of Cand. Hist. Sci.). Barnaul, 32. (in Russian)

Semenov-Tyan-Shanskii, P.P., & Erofeeva, I.V. (2001). *Slavianskoe naselenie Vostochnogo Kazakhstana v XVIII–XX vv.: migratsiya i sotsiokulturnaya evolyutsiya*. In *Etnicheskii natsionalizm i gosudarstvennoe stroitel'stvo* (pp. 301–365). Moscow. (in Russian)

Sobolin, N. (1990). *Predely Rossii*. Impuls, (6), 2-3. (in Russian)

Авторлар туралы мәлімет:

Дауренбек Ескекбаев – т.ғ.к., этнолог, ЖШС Жогары көпсалалы «Зейнеп» колледжі (E-mail: d.eskekbaev@mail.ru).

Егізбаева Меруерт Қарпықызы – т.ғ.к., әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Алматы, Қазақстан, e-mail: egyzbaevamk@gmail.com).

Information about the authors:

Daurenbek Eskekbaev – Candidate of Historical Sciences, ethnologist. Higher Multidisciplinary College “Zeynep”, LLP (E-mail: d.eskekbaev@mail.ru).

Egizbayeva Meruert Karpykkyzy – Candidate of Historical Sciences Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan, e-mail: egyzbaevamk@gmail.com).

Сведения об авторах:

Дауренбек Ескекбаев – к.и.н., этнолог. Высший многопрофильный колледж «Зейнеп», ТОО (E-mail: d.eskekbaev@mail.ru).

Егізбаева Меруерт Карпықызы – к.и.н. Казахский национальный университет имени аль-Фараби (Алматы, Казахстан, e-mail: egyzbaevamk@gmail.com).

Келін түсті: 16.10.2025

Қабылданды: 25.11.2025